

КеАҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

ЖОБА

**«Оңалту орталығы жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін  
балаларды түзету және әлеуметтендіру»**

Мектепке дейінгі ұйымдар, орта білім беру ұйымдары басшыларының,  
дефектологтарының, педагогтерінің біліктілігін арттыру курсының

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Дайындаған:**

КеАҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

**Астана қ., 2026**

**МАЗМҰНЫ**

|           |  |    |
|-----------|--|----|
| Бөлім 1.  | Жалпы ережелер   | 3  |
| Бөлім 2.  | Глоссарий  | 4  |
| Бөлім 3.  | Бағдарламаның тақырыбы                                   | 6  |
| Бөлім 4.  | Бағдарламаның мақсаты, міндеті және күтілетін нәтижелері | 6  |
| Бөлім 5.  | Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны                       | 7  |
| Бөлім 6.  | Оқу процесін ұйымдастыру                                 | 13 |
| Бөлім 7.  | Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету              | 14 |
| Бөлім 8.  | Оқу нәтижелерін бағалау                                  | 14 |
| Бөлім 9.  | Курстан кейінгі сүйемелдеу                               | 15 |
| Бөлім 10. | Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі                   | 16 |
| Қосымша 1 | Қорытынды жұмыстарды бағалау критерийлері                | 18 |

## 1-бөлім. Жалпы ережелер

Бағдарлама дефектологтар, мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтары, орта білім беру ұйымдары, түзету мектептері, оңалту орталықтары мен ПМПК мамандарының кәсіби қиындықтары мен қажеттіліктерін зерделеу негізінде анықталған ең өзекті білімдер кешенін қамтиды. Педагогтердің біліктілігін арттыру курсының жұмыс оқу жоспары нормативті-құқықтық актілердің ережелері мен талаптарына сәйкес әзірленді:

-2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III ҚР «Білім туралы» Заңы;

-ҚР «Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және медико-педагогикалық коррекциялық қолдау көрсету туралы» заңы 2022 жылғы 11 шілде № 343;

-ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 544 және ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 322 бірлескен бұйрығы;

-ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы»;

-ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 327 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кадрларын даярлау бағыттарының жіктеуішін бекіту туралы».

Бүгінгі таңда дефектология бағыты педагогика саласындағы басым бағыттардың бірі болып табылады: оқу орындарында білікті мамандардың жетіспеушілігі байқалады, ал ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың саны әлі де жоғары деңгейде қалып отыр. Қысқа мерзімді перспективада педагог дефектологиялық бейін бойынша қажетті білім мен дағдыларды меңгерген кезде, кәсіби қайта даярлау курстары жағдайды теңестіруге көмектеседі.

Дефектологиялық түзету — бұл балаларға да, ата-аналарға да кешенді көмек көрсетуге бағытталған шаралар жиынтығы. Балалармен жеке және топтық сабақтар өткізіліп, даму динамикасы бақыланады, ал ата-аналарға психологиялық-педагогикалық кеңестер мен ұсынымдар беріледі. Балалардың әртүрлілігі олардың қабілеттері мен әлеуметтік дағдыларының даму деңгейінде, эмоциялық-жігерлік қасиеттері мен даму қарқынында көрініс табады.

ЕБҚ бар балалардың негізгі кемшілігі – күрделі танымдық қызмет түрлерінің, әсіресе ойлаудың бұзылуында. Сондықтан зияттық бұзылыстары бар балалармен жүргізілетін жалпы түзету жұмысы олардың ойлау қабілетін қалыпқа келтіруге және когнитивтік деңгейін көтеруге бағытталған. Бұл білімді меңгеру мен дағдыларды қалыптастыруда тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Жеке түзету қажеттілігі психофизикалық функциялардың (кеңістікті бағдарлау, моторика, жұмыс қабілеті және т.б.) әркелкі бұзылуымен байланысты. ЕБҚ бар балалардың танымдық, сенсомоторлық және эмоциялық-жігерлік

дамуының деңгейі көбінесе жас ерекшеліктеріне сәйкес келмейді. Бұл жағдай оқу бағдарламаларын бейімдеуді және оқу жетістіктеріне қойылатын талаптарды төмендетуді талап етеді.

Күрделі даму бұзылыстары бар балалармен жұмыс тұлғаға бағытталған болуы тиіс, ол материал мазмұнының біртіндеп күрделенуі, жақын даму аймағын есепке алу және ересек тарапынан көмектің көлемін кезең-кезеңмен азайту қағидаттарына негізделеді. Түзету сабақтары балаларда базалық дағдыларды, әлеуметтік мінез-құлық үлгілерін қалыптастыруға мүмкіндік береді және оларды отбасында да, қоғамда да қолдана алуына жағдай жасайды.

Осы білім беру бағдарламасын әзірлеу және енгізу Қазақстан Республикасының инклюзивті және сапалы білім беру саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарына сәйкес келеді. Бұл бағыттар білім мен ғылымды дамытудың ұлттық жобасында, инклюзивті білім берудің тұжырымдамасында және адами капиталды дамытуға бағытталған стратегиялық құжаттарда көрініс тапқан. Аталған құжаттарда ЕБҚ бар балалармен тиімді жұмыс істей алатын білікті педагогтерді даярлауға ерекше назар аударылған.

Халықаралық деңгейде бұл бағдарлама БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттарымен (ТДМ), әсіресе 4-мақсатпен: «Баршаға инклюзивті және әділетті сапалы білім беруді қамтамасыз ету және өмір бойы оқу мүмкіндігін кеңейту» толық сәйкес келеді. Сонымен қатар, бағдарлама ЮНЕСКО-ның инклюзивті білім беруді дамыту және білім беру қызметтеріне тең қол жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі қағидаттарымен үндеседі.

Цифрландыру, әлеуметтік трансформация және әлем бойынша ЕБҚ бар балалар санының артуы жағдайында білікті дефектологтар мен коррекциялық педагогика саласының мамандарына сұраныс тұрақты түрде өсіп отыр. Осылайша, бұл бағдарлама ішкі (ұлттық) және сыртқы (жаһандық) сын-қатерлерге жауап береді — яғни, денсаулық жағдайына және даму ерекшеліктеріне қарамастан, барлық балалар санаттары үшін сапалы білімге тең қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Бағдарламаны іске асыру кадр тапшылығын азайтып қана қоймай, сонымен қатар ЕБҚ бар балаларға көрсетілетін қолдаудың сапасын арттыруға, инклюзивті білім беру жүйесінде сабақтастықты қамтамасыз етуге және педагогикалық кадрларды даярлау бойынша халықаралық стандарттарға сәйкес келуге мүмкіндік береді.

## 2-бөлім. Глоссарий

*Арнайы педагогика* – педагогикалық білімнің құрамдас бір бөлігі болғанына қарамастан, көлемді ғылым саласы (латын тілінен аударғанда *specialis* – туыс, түр) деген мағынаны береді. Нақты түрдегі қабылданған анықтамасы, арнайы

педагогика – мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арнайы білім берудің теориясы мен технологиясын зерттейтін ғылым.

*Арнаулы (түзету) білім беру мекемелері* – мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған білім беру мекемелері.

*Арнаулы білім беру жағдайлары* – мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға жалпы білім беру мен кәсіптік білім берудегі арнаулы оқыту мен тәрбие жағдайлары.

*АСБ* -аутистік спектрдің бұзылуы (ағылш. autism spectrum disorder, ASD; оның ішінде ескірген диагноздар: балалар аутизмі, ерте нәрестелік аутизм, атиптік аутизм, Каннердің аутизмі, жоғары функционалды аутизм, қосымша түсіндірулерсіз дамудың алғашқы бұзылуы, баланың ыдырауы және Аспергер синдромы 1:53) — нейроонтогенетикалық бұзылыс, яғни нәрестелік немесе балалық шақтағы психикалық дамудың бұзылуы, әлеуметтік өзара әрекеттесуді және қоғамдық байланыстарды бастау және қолдау қабілетінің тұрақты жетіспеушілігімен, сондай-ақ шектеулі мүдделермен және жиі қайталанатын мінез-құлық әрекеттерімен сипатталады.

*Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы* – есту қабілеті мен ой-өрісі әдеттегідей дамыған балалардың мағыналық жеке қатысты сөйлеу тілі құрамының компоненттерінің бұзылуынан болатын әртүрлі күрделі тіл кемшіліктері.. Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы алалия, афазия, ринолалия, дизартрия сияқты күрделі сөйлеу патологиялардың түрлерінде де байқалады. Жалпы сөйлеу тілінің құрылымын, оның себептерін, бірінші және екінші кемшіліктердің сәйкестігін дұрыс түсіну балаларды арнайы мекемелерге бағыттауда, кемшілікті түзету тәсілдерін дұрыс, әрі тиімді таңдай білу маңыздылық танытады.

*Инклюзивті білім беру* (ағылш. inclusion-білім беруді, бірлесіп оқытуды қамтитын қосу) - қолда бар физикалық, зияткерлік, әлеуметтік, эмоционалды, тілдік және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, әрбір адамға жалпы білім беру мекемелерінде оқуға мүмкіндік берілетін оқыту нысаны.

*Компенсация* – (лат. compensatio – өтеу, теңдестіру, толықтыру, орнын басу) – организмнің бұзылған немесе толық дамымаған қызметтерін алмастыру, толықтыру, орнын толықтыру немесе қайта құру. Бұл жүре иеленген немесе туа біткен кемістіктердің нәтижесінде пайда болған организмнің күрделі, әр алуан үрдісі.

*Коррекция* – (лат. correction – түзеу) – балалардың психикалық және дене дамуының кемшіліктерін түзетуге немесе оның салдарын жеңілдетуге бағытталған педагогикалық шаралар жүйесі.

*Логопедия* - бұл сөйлеудің бұзылуы, олардың алдын-алу, анықтау және арнайы оқыту мен тәрбиелеу арқылы жою тәсілдері туралы арнайы педагогикалық ғылым. Бұл арнайы педагогиканың бөлімдерінің бірі.

*Сурдопедагогика* - есту кемістіктері бар балаларды тәрбиелеу және оқыту туралы ғылым.

*Тифлопедагогика* (гр. typhlos – соқыр және педагогика) – педагогика ғылымының көру қабілеті бұзылған балаларды оқыту және тәрбиелеу жөніндегі саласы.

*Олигофренопедагогика* - ақыл-ой дамуынан қалып қойған балаларды тәрбиелеу мен оқыту туралы ғылым.

*Психикалық дамуында тежелуі бар балалар* – әдетте ұзақ уақытта әр-түрлі себептегі науқастар салдарынан, түрлі созылмалы аурулардан, туа біткен және жүре пайда болған соматикалық жүйедегі ақаулардан, балалар неврозынан жапа шеккендер, психикалық тежелген балаларды жан-жақты зерттеу 1960 жылдардан басталды: осы жылдары енгізілген міндетті орта білім беру жүйесіндегі өзгерістер, жалпы білім беретін мектептердің бағдарламаларының күрделенуі көптеген балалардың сабақ үлгерімін төмендетті. Тіптен кейбіреулері бағдарламаны игере алмай, білім сапасы төмендей бастады.

### **3-бөлім. Бағдарламаның тақырыбы**

Бағдарлама дефектологтардың, мектепке дейінгі және жалпы білім беру ұйымдарының педагогтарының, түзету мектептері, оңалту орталықтары мен ПМПК мамандарының өзекті кәсіби міндеттерін ескере отырып әзірленген. Ол арнайы білім берудің нормативтік-құқықтық негіздерін, түзету жұмысының заманауи әдістемелерін, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу технологияларын және бейімделген білім беру бағдарламаларын қамтиды.

Бағдарламаның жаңашылдығы — мамандардың нақты сұраныстарына бағытталған кешенді әрі қолданбалы тәсілде, сондай-ақ мазмұнның заңнамадағы соңғы өзгерістерге сәйкес өзектендірілуінде. Қолданыстағы курстарға жүргізілген талдау нәтижесінде, Қазақстан Республикасында педагогикалық кадрларды қайта даярлау жүйесінде мазмұны мен көлемі жағынан ұқсас бағдарламалардың жоқ екені анықталды.

Аталған бағдарлама инклюзивті білім беру саласындағы мемлекеттік басымдықтарға және халықаралық трендтерге сәйкес келетін инновациялық білім беру өнімі ретінде қарастырылуы мүмкін. Оның жүзеге асырылуы мамандардың даярлық сапасын арттыруға, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға көрсетілетін қолдаудың тиімділігін күшейтуге, сондай-ақ олардың табысты әлеуметтік бейімделуі мен дамуына жағдай жасауға мүмкіндік береді.

### **4-бөлім. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері**

*Бағдарламаның мақсаты* – оңалту орталықтарында, арнайы (түзету) мектептер мен балабақшаларда, инклюзивті білім беруде және т. б. жұмыс істеу үшін сұранысқа ие білім беру, әлеуметтік қорғау, отбасылық және жастар саясаты, денсаулық сақтау жүйесі үшін мамандарды кәсіптік қайта даярлау.

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттер айқындалады:

1) білім беру ұйымдарындағы арнайы білім беруді реттейтін нормативтік құқықтық актілерді зерделеу;

2) оңалту орталығында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды түзету және әлеуметтендіру туралы білімдерін кеңейту;

3) Түзету-әдістемелік жұмысында мамандардың заманауи-әдістерді қолдана білуі;

4) Дефектолог маманының танымдық-әлеуметтік белсенділікті ерекше қажет ететін балаларды дамытуда өз жұмысын жоспарлай алуы;

Курсты аяқтағаннан кейін мектепке дейінгі ұйымдардың, орта білім беру ұйымдарының, түзету мектептерінің, оңалту орталықтарының, ПМПК педагогтары курсты аяқтағаннан кейін:

1) Арнайы білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, нормативтік құқықтық актілерді, білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, ерекше жағдайлар жасау үшін түзеу-педагогикалық жұмысты жоспарлаудың ерекшеліктері мен мазмұнын, критерийлерге қойылатын талаптарды біледі;

2) Оңалту орталығында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды түзету және әлеуметтендіру барысында жұмыс жасауды біледі;

3) Түзету жұмысы барысында дефектологтар заманауи әдістерді қолдана біледі;

4) Дефектолог маманының танымдық-әлеуметтік белсенділікті ерекше қажет ететін балаларды дамытуда өз жұмысын жоспарлай алады.

## **5-бөлім. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

Бағдарлама мазмұны тыңдаушылардың курс мақсаты мен міндеттеріне сәйкес кәсіби білімдері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған төрт модульді меңгеруді көздейді:

1. Арнайы және инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуі;

2. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оңалту орталығы жағдайында түзету және әлеуметтендіру;

3. Дефектологтың түзету жұмысындағы заманауи әдістер;

4. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың танымдық және әлеуметтік белсенділігін дамытудағы дефектологтың рөлі.

## 1-Модуль. Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету

Бұл модульде педагогикалық кадрлардың дефектология бойынша нормативтік-құқықтық құжаттарға талдау жасалады. Нормативтік-құқықтық актілердің негізгі ережелері мен талаптары:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 1-бабында ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар ұғымы айқындалып, олар үшін арнайы оқу жағдайларын жасау қажеттілігі көзделген. Аталған норма ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың білім беру процесіне тең қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Бағдарламамен байланысы: Біліктілікті арттыру бағдарламасы педагогтарды оңалту орталық жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін арнайы оқу жағдайларын ұйымдастыруға, сондай-ақ түзету-дамыту және қолдау жұмыстарын жүзеге асыруға кәсіби тұрғыда даярлауға бағытталған.

8-бап. Білім саласындағы мемлекеттік кепілдіктер Мемлекет ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға олардың психофизикалық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім алу үшін арнайы оқу жағдайларын жасауға кепілдік береді.

Бағдарламамен байланысы: Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды түзете дамыту және әлеуметтендіру жұмысы арнайы түзету-дамыту, психологиялық-педагогикалық және оңалту әдістемелерді меңгерген педагогтар жүзеге асыруы қажет. Педагогтардың біліктілігін арттыру бағдарламасы оңалту орталықтарында арнайы оқу жағдайларын ұйымдастыру мемлекеттік кепілдік бойынша кадрмен қамтамасыз етеді.

3-бап. Білім саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидалары. Білім саласындағы мемлекеттік саясат мына қағидаларға негізделеді:

- сапалы білімге тең қолжетімділік;
- білімнің гуманистік бағыттылығы;
- білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескеру;
- оқыту, тәрбиелеу және тұлғаның дамуының бірлігі.

Бағдарламамен байланысы: Педагогтардың біліктілігін арттыру бағдарламасының мазмұны жеке және дараланған тәсіл қағидаларын, түзету-дамыту бағытындағы оқытуды және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды реабилитациялық орталық жағдайында әлеуметтендіруді іске асыруға бағытталған.

1. 47-бап (педагогикалық қызметкерлер) / педагогикалық қызмет туралы ережелер. Педагогикалық қызметкерлер қазіргі заманғы ғылым мен тәжірибедегі жетістіктерге негізделген кәсіби қызметті жүзеге асыруға, білім сапасын қамтамасыз етуге және кәсіби дамуды қамтамасыз етуге міндетті.

Бағдарламамен байланысы: Педагогтардың біліктілігін арттыру бағдарламасы – педагогтердің кәсіби дамуының тетігі, ол ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды түзету, әлеуметтендіру және психолого-педагогикалық сүйемелдеу саласындағы құзыреттерін жаңарту мен тереңдетуді қамтамасыз етеді.

2. Қазақстан Республикасының № 343 Заңы «Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету қолдауын қамтамасыз ету туралы»

1-бап- Түзету қолдауын - медициналық, педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік шаралар жүйесі ретінде анықтайды.

Бағдарламамен байланысы: Біліктілікті арттыру бағдарламасы педагогтерде реабилитациялық орталықтағы көпсалалы модельге сәйкес кешенді түзету және әлеуметтендіру жұмысына қажетті құзыреттерді қалыптастырады.

4-бап- түзету қолдауының қағидаттарын белгілейді: кешенділік, ерте көмек, пәнаралық өзара іс-қимыл.

Бағдарламамен байланысы: Бағдарламаның модульдері мамандардың командалық жұмыс дағдыларын дамытуға және түзету мен білім берудің сабақтастығын қамтамасыз етуге бағытталған.

6-бап - түзету қолдауының түрлерін анықтайды (әлеуметтік, медициналық-педагогикалық, психологиялық).

Бағдарламамен байланысы: Бағдарламаның мазмұны ЕБҚБ балаларға арналған түзету-дамыту және әлеуметтік бейімделу әдістерін қамтиды.

8-бап - реабилитациялық орталықтарды түзету қолдауын жүзеге асыратын ұйымдар ретінде анықтайды.

Бағдарламамен байланысы: Бағдарлама тақырыбы тікелей реабилитациялық орталықтардың қызметіне және педагогтердің кәсіби дайындық деңгейін арттыруға бағытталған.

3. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (МІП РК № 348 бұйрығы) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары талаптары:

- тұлғалық;
- әлеуметтік;
- коммуникативтік білім нәтижелері.

Бағдарламамен байланысы:

ЕБҚБ балаларды әлеуметтендіру бағдарламаның басты нәтижесі ретінде қарастырылады, педагогтер реабилитациялық ортада өмірлік және әлеуметтік құзыреттерді қалыптастыру әдістерін үйренеді.

4. Бірлескен бұйрық № 544 / № 322 (2023) байланысы 2 және 6-тармақтар - бейресми білім беру арқылы алынған білім нәтижелерін және кәсіби құзыреттерді тануды көздейді.

Бағдарламамен байланысы: Біліктілікті арттыру бағдарламасы бейресми білім беру нысанында іске асырылады және педагогтардың ЕБҚБ балаларды түзету және әлеуметтендіру саласындағы кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

5. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі № 327 бұйрығының байланысы Классификатор педагогикалық және психологиялық-педагогикалық даярлық бағыттарын қамтиды.

Бағдарламамен байланысы: Біліктілікті арттыру бағдарламасы реабилитациялық орталықтарда жұмыс істейтін педагогтердің, психологтердің және арнайы педагогтердің кәсіби құзыреттерін тереңдетіп, жаңартады.

## **2-Модуль. Оңалту орталығы жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды түзету және әлеуметтендіру**

Бұл модульде дефектология саласындағы жинақталған білімдер ұсынылған. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеуде қолданылатын әдістемелердің түрлері, танымдық процестердің ерекшеліктері, сондай-ақ ойлау, есте сақтау және зейін дамытуға бағытталған жаттығулардың тиімділігі қарастырылады. Сонымен қатар, АВА (қолданбалы мінез-құлықты талдау) әдісінің негізгі элементтері де талқыланады.

## **3-Модуль. Түзету-әдістемелік жұмысында мамандардың заманауи-әдістерді қолдана білуі**

Бұл модульде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуде әртүрлі әдістемелерді тиімді қолданудың тәсілдері қарастырылады. Сенсорлық интеграция және кинезиологиялық жаттығулар туралы білімдер ұсынылып, осы әдістер аясында қолданылатын құралдар көрсетіледі. Сонымен қатар, тыңдаушылар дефектология саласында қолданылатын басқа да әдістермен танысады.

## **4-Модуль. Танымдық және әлеуметтік белсенділікті ерекше қажет ететін балалардың дамуындағы дефектологтың алатын орны**

Бұл модульде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуде әртүрлі әдістемелерді тиімді қолданудың тәсілдері қарастырылады. Сенсорлық интеграция және кинезиологиялық жаттығулар туралы білімдер ұсынылып, осы әдістер аясында қолданылатын құралдар көрсетіледі. Сонымен қатар, тыңдаушылар дефектология саласында қолданылатын басқа да әдістермен танысады.

**Бағдарлама жоспары:**

| №   | Сабақтың тақырыбы  | Теориялық сабақтар | Практикалық жұмыс | Барлығы | Өткізу түрі         |
|---|--|--------------------|-------------------|---------|---------------------|
| 1   | 2  | 3                  | 4                 | 5       | 6                   |
| <b>1 Модуль. Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету</b>  |  |                    |                   |         |                     |
| <i>Оқытудан күтілетін нәтижелер:</i> педагог кадрлардың кәсіби құзыреттілігін арттыру есебінен білім сапасын реттейтін мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын білу. |  |                    |                   |         |                     |
| 1.1   | Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы   | 1                  | 1                 | 2       | Слайд - презентация |
| 1.2   | Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медико-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы  | 1                  | 1                 | 2       | Слайд - презентация |
| 1.3   | Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы №544 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы №322 «Формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы» бірлескен бұйрығы | 1                  | 1                 | 2       | Слайд - презентация |
| 1.4   | Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы,<br>Қазақстан Республикасы Ғылым және білім | 1                  | 1                 | 2       | Слайд - презентация |

КеАҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

|  |   |           |   |    |                     |
|--|---|-----------|---|----|---------------------|
|  | министірінің м.а «Жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы» 2023 жылғы 21 шілдедегі №327 бұйрығы |           |   |    |                     |
| <b>Барлығы:</b>  |   | <b>8</b>  |   |    |                     |
| <b>2-Модуль. Оңалту орталығы жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды түзету және әлеуметтендіру</b>  |   |           |   |    |                     |
| <i>Оқытудан күтілетін нәтижелер:</i> Дефектология саласындағы жинақталған білімдерін көрсетеді, дефектологияның негізгі бағыттары мен мәселелерін талдай алады, оқушының білім деңгейін болжау және бағалау кезінде интенсивті бағалау әдісін қолдана алады. |   |           |   |    |                     |
| 2.1  | Ерекше қажеттіліктері бар балалармен жүргізілетін алғашқы диагностика   | 3         | 4 | 7  | Слайд - презентация |
| 2.2  | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оңалтудағы дефектологтың рөлі  | 3         | 4 | 7  | Сұрақ-жауап         |
| 2.3  | Мінез-құлық ақаулары бар балаларды оңалту жолдары (аутизм)  | 6         | 8 | 14 | Слайд-презентация   |
| <b>Барлығы:</b>  |   | <b>28</b> |   |    |                     |
| <b>3-Модуль. Түзету-әдістемелік жұмысында мамандардың заманауи-әдістерді қолдана білуі</b>   |   |           |   |    |                     |
| <i>Оқытудан күтілетін нәтижелер:</i> Әртүрлі әдістемелердің маңыздылығымен танысады, оларды дефектологтың ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен түзету жұмысында қолданады.  |   |           |   |    |                     |
| 3.1  | Түзету жұмыстарындағы кинезиологиялық әдістің пайдасы   | 3         | 4 | 7  | Слайд - презентация |
| 3.2  | Түзету жұмысындағы сенсорлық интеграцияның маңызы   | 3         | 4 | 7  | Сұрақ-жауап         |
| 3.3  | Ұсақ және жалпы моториканы дамыту арқылы қабылдауды жетілдіру   | 3         | 4 | 7  | Слайд-презентация   |

|   |   |           |   |   |                     |
|---|---|-----------|---|---|---------------------|
|   |   |           |   |   | нтаци<br>я          |
| <b>Барлығы:</b>   |   | <b>21</b> |   |   |                     |
| <b>4-Модуль Танымдық және әлеуметтік белсенділікті ерекше қажет ететін балалардың дамуындағы дефектологтың алатын орны</b>  |   |           |   |   |                     |
| <i>Оқытудан күтілетін нәтижелер:</i> Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың танымдық және әлеуметтік белсенділігін дамытуға арналған оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларын әзірлеуді көздейді |   |           |   |   |                     |
| 4.1   | ЦП балалардың танымдық қабілеттерін дамыту                          | 3         | 4 | 7 | Слайд - презентация |
| 4.2   | Ерекше қажеттіліктері бар мектеп жасындағы балалардың дамуы         | 3         | 4 | 7 | Сұрақ-жауап         |
| 4.3   | Әртүрлі бұзылыстары бар балалардың ата-аналарына арналған ұсыныстар | 2         | 3 | 5 | Слайд - презентация |
| <b>Барлығы:</b>   |   | <b>19</b> |   |   |                     |
| <b>Жобаны қорғау</b>  |   | <b>2</b>  |   |   |                     |
| <b>Қорытынды тестілеу</b>   |   | <b>2</b>  |   |   |                     |
| <b>Барлығы:</b>   |   | <b>80</b> |   |   |                     |

### 6-Бөлім. Оқу процесін ұйымдастыру

Біліктілікті арттыру курстары білім беру бағдарламаларын әзірлеуді, келісуді және бекітуді, сондай-ақ педагогтердің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді және білім беру бағдарламаларының тиімділігіне мониторингті, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру мен өткізуді регламенттейтін Ережеге сәйкес ұйымдастырылады:

- 1) еңбек қызметінен қол үзбей (оның ішінде қашықтықтан оқыту тәсілімен);
- 2) жалақысын сақтай отырып, еңбек қызметінен қол үзіп (оның ішінде қашықтықтан оқыту тәсілімен);
- 3) аралас (қашықтықтан оқытуды қолдана отырып, күндізгі).

Курсты өткізу кезеңінде жеке дәрістер оқуға және практикалық сабақтарды жүргізуге ұйым әдіскерлерді, педагогтарды, білім беру ұйымдарының басшыларын, практикаларды, өндірістік кәсіпорындардың мамандарын, өңірлік кәсіпкерлер палаталарының, жұмыс берушілер қауымдастықтарының өкілдерін тартады.

Оқу процесі оқу жоспарымен, жылдық кестемен, ұйымның сабақ кестесімен реттеледі.

Курстың ұзақтығы: 80 сағат

Біліктілікті арттыру курсының оқу процесін ұйымдастыру шарттары:

- 1) белгіленген оқу жоспарына, сабақ кестесіне сәйкес оқуға;
- 2) оқу тәртібі мен мінез-құлық нормаларын сақтауға, оның ішінде профессор-оқытушылар құрамына және басқа да білім алушыларға құрмет көрсетуге, олардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғпауға;
- 3) біліктілікті арттыру курсының кестесіне сәйкес барлық сабақтардың кемінде 80% - қатысуға;
- 4) алынған ең жоғары балдың кемінде 50% көлемінде қорытынды тестілеуден өтуге міндетті.

### **7-бөлім. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету**

Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету әдістемелік ұсынымдардың мынадай құрылымын қамтиды:

- 1) дәріс кешені:
  - дәріс тезистері
  - иллюстрациялық материал
  - әдебиет
  - бақылау сұрақтары (кері байланыс).
- 2) практикалық сабақтар:
  - мақсат
  - оқыту міндеттері
  - тақырыптың негізгі сұрақтары
  - түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу үшін оқытудың негізгі нысандары/әдістері/технологиялары
    - әдебиет
    - бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.).
- 3) өзіндік жұмыс:
  - тапсырмалар
  - орындау/ бағалау нысаны (реферат, презентация, тапсырмалар, тесттер,
  - тапсыру мерзімі
  - әдебиет
  - бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.).

### **8-бөлім. Оқу нәтижелерін бағалау**

Оқыту нәтижелерін бағалау жобаны қорғау, тестілеу нысанында жүргізіледі (1-қосымша).

Жобаны қорғау жеке жұмыс түрінде өтеді. Әр тыңдаушы өз жобасын дайындайды.

Өзіндік жұмыс барысында тыңдаушылар қызметті жоспарлады, ұйымдастыруды және талдауды көздейтін жеке тапсырманы орындайды.

Қорытынды тестілеу біліктілікті арттыру курстары бағдарламасының мазмұны бойынша сұрақтарға жауаптарды қамтиды. Қорытынды тестілеу үшін ең жоғары балл - 100 балл, ең аз - 50 балл.

50 және одан көп балл алған тыңдаушыға сертификат беріледі. Әйтпесе, біліктілікті арттыру курсы тыңдау туралы анықтама беріледі.

Сертификат алмаған тыңдаушылардың мүмкіндігі бар:

- 1) жылына бір реттен артық емес білімді қайта бағалауға;
- 2) тыңдаушылардың келесі ағымымен білімді қайта бағалауға;
- 3) ағымдағы жыл ішінде дәлелді себептермен бір ағыннан екінші ағынға ауыстыруға құқылы.

- 4) растайтын құжаттарды ұсына отырып, дәлелді себеппен үзілген курсты аяқтауға құқылы.

Біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасына сәйкес қорытынды бағалаудан сәтті өткен тыңдаушыларға тақырып пен сағат көлемі көрсетілген біліктілікті арттыру курстарының тақырыбы бойынша сертификат беріледі.

## **9-бөлім. Курстан кейінгі сүйемелдеу**

Курстан кейінгі сүйемелдеу білім беру бағдарламаларын әзірлеуді, келісуді және бекітуді, сондай-ақ педагогтердің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді және білім беру бағдарламаларының тиімділігіне мониторингті, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру мен өткізуді регламенттейтін ережеге сәйкес ұйымдастырылады.

Курстан кейінгі қолдаудың мазмұны біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының мақсаттарымен, міндеттерімен және күтілетін нәтижелерімен анықталады.

Педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді жүргізу нысандарына мыналар жатады:

- 1) тыңдаушыларға олардың педагогикалық, зерттеу және рефлексивті қызметінде әдістемелік, консультациялық көмек көрсету;

- 2) педагогикалық және зерттеу қызметінің нәтижелерін жариялауды дайындауда консультациялық көмек көрсету;

- 3) педагогтердің кәсіби қоғамдастықтарының жұмысын ұйымдастыру және қолдау, оның ішінде тәжірибе алмасу жөніндегі іс-шараларды (конкурстар,

конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да білім беру іс-шаралары) өткізу.

Курстан кейінгі сүйемелдеу нәтижелерін талдау және білім беру бағдарламаларының тиімділігіне мониторинг үш жылда кемінде 1 (бір) рет жүргізіледі.

## **10-бөлім. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі**

### **Негізгі әдебиеттер тізімі:**

1. 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III ҚР «Білім туралы» Заңы.
2. ҚР «Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және медико-педагогикалық коррекциялық қолдау көрсету туралы» заңы 2022 жылғы 11 шілде № 343.
3. ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 544 және.
4. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 322 бірлескен бұйрығы ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы».
5. ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 327 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кадрларын даярлау бағыттарының жіктеуішін бекіту туралы».
6. Мардахаев Л.В., Орлова Е.А. (ред.). Специальная педагогика: учебник для вузов. — М.: Юрайт, 2022. — 448 с.
7. Сунагатуллина И.И. Введение в дефектологию: учебно-методическое пособие. — Магнитогорск, 2021. — 47 с.
8. Логинова Е., Елецкая О., Матвеева М. Специальная педагогика. — М.: ВЛАДОС, 2022.
9. Бекманова Ж.А. Развитие речи у детей с нарушениями. — Нукус: НДПИ, 2024.
10. Саямова Ф.С. Дошкольная сурдопедагогика. — НДПИ, 2024.
11. Ажімова З.Г. Алалия. — НДПИ, 2024.
12. Мырзаханқызы К. Issues of training of specialists of inclusive education. // Pedagogy and Psychology, 2020, № 2 (43), с. 83–90.

**Қосымша әдебиеттер тізімі:**

1. ННПЦ развития специального и инклюзивного образования РК — [<https://special-edu.kz>](<https://special-edu.kz>)— Методические рекомендации, адаптированные программы, практики сопровождения детей с ООП.
2. Курсы и вебинары по инклюзивному образованию (2020–2025) — материалы от Astana IT University, Назарбаев Интеллектуальные школы, Open Education.
3. Цифровая педагогика и ИКТ в специальном образовании — Сағалиева Ж.К. и др. — Алматы: Bastau, 2020. — 388 с.

### **Қорытынды жұмыстарды бағалау критерийлері**

Өзіндік жұмысты бағалау критерийлері:

Курстың даму деңгейін анықтау үшін келесі параметрлер қолданылады:

- 1) оқытылатын модуль бойынша оқу материалының мазмұнын игеру;
- 2) зерттелетін материалды практикалық қолдану;
- 3) ақпаратты талдау және синтездеу;
- 5) қорытынды жасай білу.

Тыңдаушылардың өзіндік жұмысты орындау бойынша білімдерін бағалау балдарды бес балдық жүйеге ауыстыру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) «Өте жақсы»: 9-10 балл (85-100%);
- 2) «Жақсы»: 7-8 балл (75-84%);
- 3) «қанағаттанарлық»: 5-6 балл (50 - 74%).

Жобаны бағалау критерийлері:

Курстың даму деңгейін анықтау үшін келесі параметрлер қолданылады:

- 1) жобаның негіздемесі;
- 2) жобалық идеяның креативтілігі;
- 3) жобаны іске асыру жоспары;
- 4) алған білімдерін көрсету;
- 5) әлеуетті нәтижелілік.

Жобаның құрылымы

Бір жобалық тақырыпта 4-5 тыңдаушыдан тұратын топ жұмыс істейді. Әр топ өз жобасын дайындайды.

Жоба келесі құрылымдық элементтерден тұрады:

1) титул парағы (ұйымның атауы, әзірлеушінің Т.А. Ә., жылы, қаласы көрсетіледі).

2) Мазмұны (Кіріспе, Негізгі бөлім, қорытынды, қосымша).

3) кіріспе (тандалған тақырыптың өзектілігі, жұмыстың мақсаттары мен міндеттері, негізгі проблеманы тұжырымдау және қысқаша сипаттау негіздемесі беріледі).

4) Негізгі бөлім (кіріспеде қойылған мәселе ашылады, қолда бар тиімді практиканың көздері мен материалдарында жобалық идея баяндалады, жобаны іске асырудың іс-қимылдары (кезеңдері) жоспарланады, жобаны бағалау критерийлері, көрсеткіштері, индикаторлары және оның болашақ дамытушы, оқытушы, қалыптастырушы әсері айқындалады.

5) қорытынды (жобаның тәуекелдері тіркеледі, жалпылау жасалады немесе

## КеАҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

зерттеу нәтижелерін нақты пайдалану бойынша практикалық ұсынымдар беріледі).

- 6) пайдаланылған көздердің тізімі.
- 7) қосымшалар (қажет болған жағдайда).
- 8) слайд түріндегі Презентация.

Жобаны бағалау критерийлері:

- 1) жобаның негіздемесі;
- 2) жобалық идеяның креативтілігі;
- 3) жобаны іске асыру жоспары;
- 4) алған білімдерін көрсету;
- 5) әлеуетті нәтижелілік.

### Жобаның бағалау парағы

|   | Критерийлер  | Ұпайлар | Пікірлер орны |
|---|--|---------|---------------|
| 1 | Зерттеу мәселесін тұжырымдау   |         |               |
| 2 | Қойылған мәселелердің, мақсаттар мен міндеттердің жоба тақырыбына сәйкестігі       |         |               |
| 3 | Жобада инновациялық тәсілдерді пайдалану, жаңалығы                                 |         |               |
| 4 | Жобаны іске асыру кезеңдерінің құрылымдылығы, логикалылығы, жүйеллілігі, толықтығы |         |               |
| 5 | Педагогикалық міндеттерді шешуде ойындарды қолданудың мақсаттылығы                 |         |               |
| 6 | Жобаны іске асырудың перспективасы<br>Нәтижелерді тарату (диссеминация)            |         |               |
|   | Ұпай саны  |         |               |

Жобалық жұмыстың тұсаукесерін бағалау үшін келесі критерийлер бөлінеді:

- 0 балл-іске асырылмаған;
- 1 балл – ішінара іске асырылды;
- 2 балл-толық іске асырылды.

Жоба бойынша ең жоғары балл саны-12 балл.

Жұмыс үшін балл сомаларын дәстүрлі бағалау нормаларына аударуды келесі схема бойынша жүзеге асыруды ұсынамыз:

- «5» (өте жақсы) бағасы 11–12 ұпай жиынтығы үшін қойылады.
- «4» (жақсы) бағасы 8–10 ұпай жиынтығына сәйкес келеді.
- «3» (қанағаттанарлық) бағасы 6–7 ұпай жиынтығына сәйкес келеді.

КеАҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

Тестілеуді бағалау критерийлері

| №  | Модульдердің атауы   | Сағат саны | Сұрақтар саны |
|----|--|------------|---------------|
| 1. | Модуль 1. Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету  | 8          | 10            |
| 2. | Модуль 2. Оңалту орталығы жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды түзету және әлеуметтендіру           | 25         | 15            |
| 3. | Модуль 3. Түзету-әдістемелік жұмысында мамандардың заманауи-әдістерді қолдана білуі                                  | 25         | 15            |
| 4. | Модуль 4. Танымдық және әлеуметтік белсенділікті ерекше қажет ететін балалардың дамуындағы дефектологтың алатын орны | 18         | 10            |
| 5. | Қорытынды тестілеу   | 4          |               |
|    | Барлығы  | 80         | 50            |

Ұпайларды (Балдарды) бағалау шкаласы

| Баға | Орындалу шегі% | Балдар (ұпайлар)  |
|------|----------------|-------------------|
| 5    | 90%-100%       | 29-35             |
| 4    | 75-89%         | 23-28             |
| 3    | 50-74%         | 15-22             |
| 2    | 50% аз емес    | 20 балдан аз емес |